

«№ 69 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Бекітілді:   
Мектеп директоры: А. А. Абжалелова  
 2021 жыл

«Аманат» дебат клубы үйірмесінің жылдық жұмыс жоспары

Үйірме жетекшісі: А.Н. Кудайбергенова

2021 – 2022 оқу жылы

## Түсінік хат

«Аманат» дебат клубы - білім беру бағдарламасы білімнің гуманитарлық жүйесін нақты көздейтін жана бағыттағы үйірме. Оқушылар мен ұстаздарды да пікір-сайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделген. Пікір-сайыстарға дайындық барысында оқушылар белгілі – бір тақырып бойынша мәлімет жинастырып, оларды қарама – қарсы бағыттарды қолдайтын екі түрлі позицияға арналған жоспарға топтастырылады. Олар жақтау және даттау топтарының кейстері. Осының нәтижесінде оқушылар кез-келген мәселеге біржақты көзқараста болудан арылып, терең, сын тұрғысынан оқушыларды, сонымен қатар парламент мүшелерін (класс оқушыларын) бөлудің әртүрлі жолдарын қарастыруға болады. Мысалы: психологиялық тренинг, сергіту, ойын элементтері арқылы, екінші СТО элементі жуан, жінішке стратегиясы арқылы сұрақ жетегімен бөлуге болады. Жалпы пікір- талас, талқылау, дискуссия, диалог, бір мәселені көпшіліктің талқысына салу ақиқатқа жетудің ең кең тараған және оң нәтиже бере алатын формасы болып табылады. Алайда бұның да өз қыр-сырлары көп. Ең алдымен ол пікір-сайыстыратын мәселенің күрделілігі, кез-келген мәселе бойынша біріміз ақиқат деп білетін нәрсе басқаға мүлде олай емес. Пікір – талас барысында адамдар ортақ мәселе жайлы өз пікірлерін ортаға салады, олардың әр түрлі болуы заңды, пікір сайыстар арқылы тараптар ой бөлуге, өз көзқарастарының кемшіліктерін ашып, оларды ұштауға, кемелдендіруге мүмкіндік алады. Қысқасы, ақиқаттың ең озық таразысы көзқарастар бәсекесі. Бағдарлаәдебиет, тарих пәндеріндегі заман өзгеріснің өзіндік жанаша көзқарасын сұрап тұратын тақырыптар көптің қасы.. Пікір-сайыс логикалық, психологиялық, адамгершілік және көптеген басқа аспектілерді қамтиды. Үлкен додалар өткізіп, оқушылардың лидерлерін анықтауға тигізер септігі бар.

Өзіндік көзқарасы бар, айналаны сыни тұрғыдан барлап, бағалайтын, шешім шығаруда өзгенің ойын таразылап, өз ойын өткізуге сенімді тұлға қалыптасуына септігі тиеді. Әртүрлі саладағы ғылымның теориясы мен практикасына терең бойлау былай тұрсын, оның тарихы, маңыздылығы, өміршеңдігі, пайдасы мен зиянында таразылай алатын дәрежеге жеткізеді. Білім беру бағдарламасының жан-жақты, тереңдетілген жайын ашады.. Пікір-сайыс әдеттегі пән олимпиадалары секілді. Жүйемен өткізілетін әр түрлі деңгейдегі пікір-сайыс бәсекелері арқылы жүзеге асыруға болады.

Олимпиадаларда оқушылар тек бір пән бойынша ғана білімдерін көрсете алса, пікір – сайыстарда олар жан – жақты, әр түрлі салалардағы білімдерін көрсетіп, жетілдіре алады. Пікір – сайыстардың әдеттегі олимпиадалардан айырмашылығы да, артықшылығы да осында. Үйірме оқушының тұлға, азамат ретіне жетілуіне, білім алуға деген қызығушылығының артуына зор ықпал етуі сөзсіз. Сонымен бірге пікір – сайыс бағдарламасы жана орта білім беру жүйесінің идеяларымен толық үйлеседі деуге де негіз бар.

## **Үйірменің мақсаты:**

Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектеп оқушыларын үйірмеге тарту. Мектеп ішіліс пікірсайыс турнирлерін ұйымдастру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларды анықтау. Мектеп оқушыларын мектепаралық, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу.

**Дамытушылық:** Шығармашылық жұмыстар орындату арқылы оқушылардың ой-өрісін, жоспар құру, тезиз жазу

## **Үйірменің міндеттері:**

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру.

Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;

Талантты жастарды ынталандыру;

Мектеп оқушылары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;

Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту;

Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру

Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу

Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу

Оқушының өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін жіне өзгені бағалай білуге үйрету

Сұлулықты түсіне білуге, өз Отанына, атамекеніне деген патриотымыз.

Білікті, оқу – тәрбие беру.

Мектептің үздік оқушыларын анықтап, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру.

## **Күтілетін нәтиже:**

Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану;

Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жанарған қоғамның жаңа азаматтары тәрбиеленеді.

Басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту;

Жастарды өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландырады;

Жастардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауларына, пікір алмасуына, қарым-қатынас диалогін орнатуға мүмкіндік туғызады.

Саяси сана сезімі, қоғамға көзқарасы ерекшеленеді

Оқулық арқылы берілетін әдеби құндылықты терең меңгереді

БАҚ құралдарын, кітапхана оқулықтарынан қажетті мәліметті ала алады

Жұрт алдындағы сайыстарға еркін қатысады

Заман талабына сай туындаған жастардың өзекті мәселерін талқылап оның шешілу жолында үздік ұсыныстар дайындау.

«Аманат» дебат клубы үйірмесінің  
күнтізбелік жоспары

	Тақырыбы	Сағат саны	Күні
1	Пікір-сайыс деген не? Пікір-сайыстың форматтары (АПФ, БПФ, ЛД, ПДФ, Карлл Попер)	2	
2	Пікір сайыстыру қабілетін байқау, ашу. Этикалық ұғым	3	
3	Американдық Парламенттік формат туралы түсінік. Пікір – сайыс үлгісінің негізгі элементтері.	3	
4	Қарар.Қарардың түрлері, жазу тәртібі, үлгілері	3	
5	Қарар шығару. Қарар сараптамасы Қарар (тақырып)	4	
6	Критерий – мақсат. Тақырыпқа мақсат қою	4	
7	Қарарға арнап критерий шығару мен оған сараптама жасау	3	
8	Критерийді негіздеу	3	
9	Критерийдің қарар және аргументтермен байланысы	3	
10	Қарардағы негізгі ұғымдарды анықтау.	3	
11	Энциклопедиялық сөздіктермен жұмыс	4	
12	Аргумент құрастыру, құрылысы, негіздеу түрлері	4	
13	Критерий мен аргумент арасындағы байланыс	4	
14	Аргумент құрастыру	4	
15	Дәлелдейтін дәлелінің негізгі жобасы екенін ұғыну	3	
16	Зерттеу мен дәлелдер. Ғаламтор мәліметі	3	
17	Мәлімет алынатын мәтінмен жұмыс істеу	4	
18	Дәлелдер парағын дайындау	4	
19	Кейс – жұртшылыққа ұсынылатын спикердің сөзі	3	
20	Жақтау кейсіні құрастыру	3	

21	Даттау кейсінен өзге екенін түсіндіру	2	
22	Даттау кейсінің құрылымы.	4	
23	Контраргументтер ұсыну Даттау кейсінің үлгісі, құрастыру	4	
24	Спикерлердің міндеттері .Сұрақ – жауаптардың мақсаты, міндеті, нәтижелі сұрақ қою әдістері	4	
25	Ашық және жабық сұрақтар. Сұрақтардың тізбегін құрастыру	4	
26	Қарсы сұрақ-жауап кезіндегі спикерлердің өзін-өзін-өзі ұстауды үйрету, ойын этикасын үйрету.	3	
27	Бәсекелердің ұйымдастырылуы. Пікір-сайыс бәсекелерін өткізудің ережелері мен кеңестері .Психологиялық тұрғыдан ойын элементтері	4	
28	Пікір-сайыс клубтарын құру	4	
29	Төрешілік етудің мәдениеті	4	
30	Қорытынды	2	
Барлығы		102 сағат	

## Пайдаланылған әдебиеттер:

- Американдық Парламентті форматы. 2000 жыл  
Американдық Парламенттік формат дебат элементі. 2004 жыл  
СТО жобасының тұрақты журналы «Дауыс пен көрініс»  
Мектеп және жоғары оқу орындары: ой қозғағыштар, ізденістер, табыстар 74 бет, 2005 жыл  
Халықаралық ғылыми-әдістемелік журналы «Перемена»- журналдағы журнал материалдары, 2008-2010 жыл  
«Қазақстан мектебі» журналы №3 2012 жыл 25 бет, 56 бет «Толерантты тұлға». 60 бет  
«Қазақстан мектебі» журналы №2 2012 жыл 33 бет, «Ұлттық құндылықтарды танытудағы педагогикалық технологиялардың маңызы»  
Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 2008 жыл  
Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалық «Аруана» - 2005 жыл  
Қазақстан ұлттық энциклопедия. Алматы 1999, №2,3,7,10  
«Сөз өнері» З.Қабдолов  
«Әдебиет теориясы» Қ.Жұмағалиев  
«Қазақ халқының философиялық мұрасы» 2007 жыл  
«Сөз мәйегі» (мақал-мәтелдер) – 2007 жыл  
БАҚ құралдары.(Мемлекеттік басылымдар)

«Аманат» дебат клубы үйірмесіне қатысатын оқушылар тізімі

№	Оқушының аты - жөні	Класы
1	Айдын Нұрлан	6 «А»
2	Бөгенбай Саят	6 «А»
3	Думанқызы Айғаным	6 «А»
4	Қонысжан Алуа	6 «А»
5	Жаксылық Марғұлан	6 «Ә»
6	Жұматай Айдана	6 «Ә»
7	Кенденгул Саян	6 «Ә»
8	Серік Меруерт	6 «Ә»
9	Нугметолла Еркеназ	7 «Ә»
10	Әбдіжамы Айсұлу	7 «Ә»
11	Жұмашева Саяжан	7 «Ә»
12	Текенова Малика	7 «Ә»
13	Женісбекқызы Еркеназ	7 «Б»
14	Қортпанбет Арсен	7 «Б»
15	Әмірғалиева Гүлсезім	7 «Б»